

ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
ЯНВАРЬ-ФЕВРАЛЬ 2026

248,8
МЛРД ТГ



92,8%
ИФО

$193,4
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

$400,6
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь 2026 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД. ТЕНГЕ

АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта «Qazindustry»
РК, 010000 г.Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz

2026 жылғы қаңтардағы химия өнеркәсібі

ҚР ҰСБ ЖМБС-ның 2026 жылғы қаңтардағы жедел деректеріне сәйкес, өндіріс көлемі құндық мәнде **127,5 млрд теңгені** құрады, бұл 2025 жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен **22,0%-ға төмен**.

Химиялық өнім өндірісінің негізгі үлесін өзге де бейорганикалық заттар – **39,2%**, тыңайтқыштар және құрамында азоты бар қосылыстар – **20,0%**, бастапқы нысандағы пластмассалар – **11,7%**, өзге де химиялық өнімдер – **7,7%**, бояғыштар мен пигменттер – **7,5%**, өнеркәсіптік газдар – **3,8%**, пестицидтер және өзге де агрохимиялық өнімдер – **3,2%**, өзге де негізгі органикалық химиялық өнімдер – **2,7%**, лак-бояу материалдары – **1,9%**, сабын және жуу, тазалау және жылтырату құралдары – **1,2%** құрайды.

Өндірістің нақты көлем индексі 96,6%-ды құрады.

Өндіріс көлемінің өсуінің негізгі себебі – **тау-кен-металлургия кешені (ТМК), сусындар өндірісі, құрылыс, пластмасса бұйымдарын өндіру және басқа да салалардағы** өндіріс көлемінің ұлғаюы.

Натуралдық мәнде өндіріс көлемінің өсуі мынадай тауарлар бойынша байқалады: **гипохлориттер (+3,2 есе), аммиак (+14,5%), азотты тыңайтқыштар (+14,4%), фосфор (+11,5%), полимерлер негізіндегі бояулар мен лактар (+7,9%), жуу құралдары (+0,9%)**.

Химиялық өнім экспортының құндық мәндегі көлемі **2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2 916,3 млн АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **33,9%-ға жоғары**.

Экспорттың негізгі бағыттары: **Қытай – 27,1%, Ресей – 24,7%, Марокко – 4,4%**.

Химия өнеркәсібі өнімдерінің импорты 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 5 324,2 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен **11,5%-ға жоғары**.

Импорттың негізгі елдері: **Ресей – 40,5%, Қытай – 18,5%, Германия – 4,9%**.

Химиялық өнім түрлерінің нарық көлемі 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанда 5 443,2 млн АҚШ долларын (2 839,1 млрд теңге) құрады, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда **9,1%-ға жоғары**.

Нарық көлемінің өсуіне өндіріс көлемінің едәуір ұлғаюы **(+27,0%)** және импорттың салыстырмалы түрде аз өсуі **(+11,5%)** әсер етті. Бұл ретте, талданып отырған кезеңде экспорт көлемінің **33,9%-ға өскенін** және ұлттық валютаның айырбас бағамының **11,1%-ға әлсіреген**ін атап өткен жөн.

Отандық тауар өндірушілердің (ОТП) үлесі 2,1 пайыздық тармаққа төмендеп, **2,2%-ды** құрады. Импорттық өнімнің үлесі **97,8%** болды.

2026 жылғы қаңтарда химиялық өнім түрлерінің ең жоғары өндіріс көлемі мына облыстарда байқалады:

- **Жамбыл облысы – 30,0%;**
- **Шығыс Қазақстан облысы – 17,4%;**
- **Атырау облысы – 11,1%;**
- **Қарағанды облысы – 8,7%;**
- **Ақтөбе облысы – 8,6%;**
- **Маңғыстау облысы – 4,7%;**
- **Ақмола облысы – 4,3%;**
- **Павлодар облысы – 3,8%.**